

**«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі қызметкерлерінің жиналысының хаттамасы**

Мемлекеттік сатып алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары

Алматы қ.

11 наурыз 2026 ж.

Өтетін орны: конференц-зал.

Уақыты: 14:00

Комплаенс қызметінде мемлекеттік сатып алулардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес өтті.

Күн тәртібі:

1. Тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары.

Кездесу қорытындысы бойынша ғылыми орталық филиалдарының қызметкерлері мен басшылығына мемлекеттік сатып алу әдістері мен үдерістері туралы ақпарат берілді.

Басшылыққа тауарлар мен қызметтердің бағасын шарықтатпау ескертілді.

Сондай-ақ оларға тендер жариялағанға дейін сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің орташа нарықтық бағасын белгілеу және анықтау қажеттігі айтылды.

Бұл іс-шаралар бюджет қаражатын тиімді пайдалануға және мемлекеттік сатып алулардағы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алуға бағытталған.

Комплаенс қызметі